

## **2010 жылғы 3 наурыздағы № а-3/62 "Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" Есіл аудан әкімдігінің қаулысына толықтыру енгізу туралы**

### **Күшін жойған**

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № А-6/208 қаулысы. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 тамыздағы № 1-11-122 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы № а-2/76 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 22.02.2016 № а-2/76 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 5, 7 баптарына сәйкес, Есіл ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2010 жылғы 3 наурыздағы № а-3/62 "Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" (№ 1-11-115 нормативті құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген, 2010 жылы 23 сәуірде аудандық "Жаңа Есіл" газетінде жарияланған), Есіл ауданы әкімдігінің қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

жоғарыда айтылған Есіл ауданы әкімдігінің қаулысының 1 тармағын "6) " техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері" тармағымен толықтырылсын.

2. Аудан әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау Есіл ауданы әкімінің орынбасары С.К Ағымбаеваға жүктелсін.

3. Есіл аудан әкімдігінің осы қаулысы Есіл ауданының Әділет Басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Есіл ауданының әкімі*

*C.Ерин*